

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ  
ӘКІМДІГІ  
ҚАУЛЫ



АКИМАТ  
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ  
ПОСТАНОВЛЕНИЕ

20 14 ж. 26 маусым  
№ 192

20 г.

Тараз қаласы

«Денсаулық сақтау саласының  
коммуналдық мемлекеттік қазыналық  
кәсіпорындарын шаруашылық жүргізу  
құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар ретінде  
қайта құру туралы» Жамбыл облысы әкімдігінің  
2010 жылғы 2 желтоқсандағы №334 қаулысына  
өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Денсаулық сақтау саласының коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарын шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар ретінде қайта құру туралы» Жамбыл облысы әкімдігінің 2010 жылғы 2 желтоқсандағы №334 қаулысына келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық тері-венерологиялық диспансері» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының Жарғысына өзгерістер осы қаулының қосымшасына сәйкес енгізілсін және бекітілсін.

2. Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы осы қаулыдан туындайтын іс-шараларды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е.Манжуовқа жүктелсін.

Облыс әкімі



К.Көкрекбаев

004378



**«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық тері-венерологиялық диспансері» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының Жарғысына (бұдан әрі - Жарғы) енгізілетін өзгерістер**

Жарғының:

1.4. тармағы алынып тасталсын;

8.1. тармағындағы «15120000 (он бес миллион жүз жиырма мың)» деген сандар және сөздер «74813520 (жетпіс төрт миллион сегіз жүз он үш мың бес жүз жиырма) деген сандар және сөздермен ауыстырылсын.




Приложение к постановлению  
акимата Жамбылской области  
№ 192 от 26 июня 2014 года

**Внедрить следующие изменения в Устав ГКП на ПХВ «Жамбылский областной  
кожно-венерологический диспансер управления здравоохранения акимата  
Жамбылской области» (далее - Устав)**

В Уставе:

1. Исключить пункт 1.4.
2. Слова и цифры «15120000 (пятнадцать миллион сто двадцать тысяч)» в пункте 1.8. заменить словами и цифрами «74813520 (семьдесят четыре миллиона восемьсот тринадцать тысяч пятьсот двадцать)».



*Сер*

**"Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық тері-венерологиялық диспансері" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының бас дәрігері**  
**Д. Абдусаметовқа**

Тараз қалалық Әділет басқармасы Сіздің 2014 жылдың 09 шілдедігі №556 хатыңыз бойынша, Жамбыл облысы Әкімдігінің 2014 жылғы 26 маусымдағы №192 Қаулысына сәйкес, "Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық тері-венерологиялық диспансері" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының Жарғысына енгізілген өзгерістер және Жарғылық капиталының 74 813 520 (жетпіс төрт миллион сегіз жүз он үш мың бес жүз жиырма) теңгеге ұлғаюына байланысты, мәлімет Қазақстан Республикасы Әділет Министірінің 2007ж. 12.04. №112 бұйрығымен бекітілген «Занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу жөніндегі» Нұсқаулығының 60 тармақшасына сәйкес, Занды тұлғалардың бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізіліп, хатыңыз мұрағаттық тіркеу құжаттарына тігілгендігін хабарлайды.

**Тараз қалалық  
Әділет басқармасы  
басшысының орынбасары**

**Н. Ақынбекова**